otpannews.kz

1973 ЖЫЛДЫҢ 13 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

МАҢҒЫСТАУ

Kaspi Bank арқылы жазылу

№89-90 (10597) 22 ҚАЗАН, БЕЙСЕНБІ, 2026 ЖЫЛ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ



ҚҰРМЕТТІ МАҢҒЫСТАУЛЫҚТАР!

Баршаңызды Ұлттық мереке – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Республика күні – халқымыздың сан ғасырлық мемлекеттілік дәстүрін жаңғыртып, ата-бабамыздың азаттық туралы асқақ арманын айшықтайтын тарихи мереке. 1990 жылы 25 қазанда Қазақ КСР-інің Мемлекеттік егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл құжат еліміздің тәуелсіздік алуына жол ашып, дербес мемлекет ретінде қалыптасуымыздың саяси-құқықтық негізін қалады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесінің қайтарылуы – тарихи жадымызды жаңғыртып, ұлттық рухымызды нығайтқан маңызды қадам.

«Қайта жаңғырған Республика күні – бұл халқымыздың рухын көтеріп, елдігімізді нығайта түсетін аса маңызды тарихи таңдау. Сондықтан осы мерейлі күн азаматтарымыздың өзара түсіністігін, тұтас ұлтымыздың еркін өмірге және дербес дамуға ұмтылысын жария ететін мереке болмақ», – деді Мемлекет басшысы.

Бүгінде біз бабаларымыздың ғасырлар бойы аңсаған арманы орындалған тәуелсіз елде өмір сүріп отырмыз. Ендігі міндет – егемендігімізді нығайтып, еліміздің болашағы үшін бірлесе еңбек ету. Қазіргі кезеңде Қазақстан жаңғыру мен жаңару жолында маңызды қадамдар жасауда. Мемлекет басшысының бастамалары елдің тұрақты дамуына, қоғамдық келісімді нығайтуға және азаматтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған.

«Заң мен тәртіп», «Таза Қазақстан», «Адал азамат» қағидаттары қоғамымыздың ортақ құндылықтарына айналуы тиіс. Заңды құрметтеу, туған жерді қорғау, қоршаған ортаға жанашырлық таныту және ел алдындағы жауапкершілікті сезіну – әрбір азаматтың міндеті.

Білім мен технологияның маңызы артып отырған заманда адами капиталды дамыту айрықша мәнге ие. Жастарға сапалы білім беріп, олардың қабілеті мен бастамаларын қолдау – жарқын болашақтың кепілі. Өйткені мемлекетіміздің қуаты табиғи байлықпен ғана емес, білімді әрі еңбекқор азаматтарымен өлшенеді.

ҚАДІРЛІ ЖЕРЛЕСТЕР!

Бүгінде Маңғыстаудың дамуы мен көркеюі жолында жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатыр. Өңірдің әлеуетін арттыру, тұрғындардың өмір сапасын жақсарту және жастарға жаңа мүмкіндіктер ашу – басты міндеттеріміздің бірі. Бұл мақсаттарға жету үшін әр азаматтың адал еңбегі мен ортақ іске қосқан үлесі маңызды. Еліміздің өркендеуі – баршамызға ортақ жауапкершілік. Бірлігімізді бекемдеп, ынтымағымызды арттыра отырып, алға қойған мақсаттарға бірге жете аламыз.

АРДАҚТЫ АҒАЙЫН!

Баршаңызды бүгінгі тұрақтылық пен тыныштықтың, бейбітшілік пен бірліктің нышанына айналған ұлттық мереке – Республика күнімен құттықтаймын! Бірлігіміз бекем, тәуелсіздігіміздің тұғыры биік болғай! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Құрметпен, Маңғыстау облысының әкімі
Нұрдәулет ҚИЛЫБАЙ

ЕГЕМЕНДІКТІҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

АҚТАУДАҒЫ Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ РЕСПУБЛИКА КҮНІНЕ ОРАЙ «ЕГЕМЕНДІККЕ ЖОЛ» АТТЫ ТАРИХИ-ТАНЫМДЫҚ КЕЗДЕСУ ӨТТІ. «ӘДІЛЕТ» ПАРТИЯСЫ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ БАСТАМАСЫМЕН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ШАРАҒА ТАРИХШЫЛАР МЕН ЖАСТАР ҚАТЫСЫП, ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ БАСТАУ БОЛҒАН ТАРИХИ ОҚИҒАЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫН ТАЛҚЫЛАДЫ.

Кездесудің негізгі мақсаты – 1990 жылы 25 қазанда қабылданған Мемлекеттік егемендік туралы декларацияның ел тарихындағы орнын кеңінен түсіндіру, азаттық жолындағы тарихи кезеңдерді таныту және жастардың отаншылдық рухын нығайту.

Іс-шара барысында «Әділет» партиясы Маңғыстау облыстық филиалы төрағасының орынбасары Анар Шамшадинова егемендікті сақтау мен нығайтудың маңызына тоқталып, қоғамдық келісім мен азаматтық жауапкершіліктің ел болашағы үшін айрықша мәнге ие екенін атап өтті.

Оның айтуынша, егемендік – ата-бабадан жеткен аманат. Сондықтан жас ұрпақ ел тарихын терең танып, ұлттық құндылықтарды құрметтеуі керек. Өйткені мемлекеттің болашағы білімді, жауапты әрі отаншыл жастардың қолында.

Ал тарихшы-профессор Орынгүл Табылдиева Мемлекеттік егемендік туралы декларацияның тарихи маңызына тоқталып, оның Қазақстанның дербес мемлекет ретінде қалыптасуындағы орнын түсіндірді.

Кездесу соңында қатысушылар пікір алмасып, егемендіктің тарихи мәні, оны нығайтудағы жастардың жауапкершілігі және ел болашағына қосар үлесі жөнінде ой бөлісті.

«МАҢҒЫСТАУ» АҚПАРАТ

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ – ЕЛ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗІ

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНДА ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІП САЛАСЫН ДАМЫТУҒА, ЖАСТАРДЫҢ КӘСІБИ БАҒДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕРДІ ЖАҢҒЫРТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ЖАҢА БАСТАМА ҚОЛҒА АЛЫНДЫ. «CASELAB: ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕЛЕР АЛАҢЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ІСКЕРЛІК ФОРУМЫ АЯСЫНДА АҚТАУ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ КОЛЛЕДЖІНДЕ ТІГІН ӨНДІРІСІ ЖӘНЕ КИІМДІ МОДЕЛЬДЕУ МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ӨҢІРЛІК БІЛІМ БЕРУ – ӨНДІРІСТІК КЛАСТЕР АШЫЛДЫ. ЖАҢА АЛАҢ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ МЕН ӨНДІРІС ОРЫНДАРЫНЫҢ БАЙЛАНЫСЫН НЫҒАЙТЫП, БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУҒА ЖОЛ АШПАҚ.



Кластердің басты ерекшелігі – балабақшадан бастап жоғары оқу орнына дейінгі білім беру сатыларының өзара сабақтастығын қамтамасыз ету. Жоба балалар мен жастардың шығармашылық қабілетін дамытып қана қоймай, олардың еңбекке қызығушылығын арттыруға, қолөнерге бейімін анықтауға және болашақ мамандығын саналы түрде таңдауына ықпал етпек. Сонымен қатар ұлттық өнерді заманауи сән индустриясымен ұштастырып, дәстүрлі қолөнердің бүгінгі қоғамдағы қолданыс аясын кеңейтуге басымдық берілген.

Маңғыстау облысының білім басқармасы Техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту орталығы басшысының орынбасары Талғат Өтебаевтың айтуынша, республикалық форумның негізгі мақсаты – білім беру ұйымдары арасында озық тәжірибелерді тарату, кәсіби тәжірибе алмасу және саланы дамытуға бағытталған бастамаларды бірлесіп талқылау.

Форум аясында ұйымдастырылған «Fashion Skills Hub: Дәстүрді жалға, сәнді жаса» көрмелік-практикалық алаңы қатысушылардың шығармашылық әлеуетін таныtты. Алаңда барлығы 112 бала мен жас өз шеберлігін көрсетті. Олардың қатарында BabySkills бағыты бойынша 24 балабақша тәрбиеленушісі, Abilympics бағыты бойынша ерекше білім беру қажеттіліктері бар 40 қатысушы, сондай-ақ DalaSkills алаңында өнер көрсеткен 48 мектеп оқушысы мен колледж студенті бар.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ